II МОДУЛЬ

АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

# 4-сабақ
# Оңайлатылған іс жүргізу бойынша шешім

## 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

түпкілікті нысан
аймақтық филиалы
тұрақсыздық айыбы
арыз беруге құқылы
қарызды өндіру туралы

бас тарту туралы ұйғарым
оңайлатылған іс жүргізу тәртібі
оңайлатылған іс жүргізу бойынша сот шешімі
мемлекет пайдасына өндіру

## 2. Тыңдаңыз және жазыңыз.

**Септеулік шылаулар**
**Барыс септігі** (-ға,-ге,-қа,-ке)+дейін
**Шығыс септігі** (-дан,-ден,-тан,-тен,-нан,-нен)+кейін/соң
**Мысалы:** сотқа дейін, ұйғарым шығарғаннан кейін

## 3. Дұрыс нұсқасын жазыңыз.

түпкілікті ______________
аумақтық ______________
тұрақсыздық ______________
арыз беруге ______________
оңайлатылған іс жүргізу бойынша ______________
мемлекет ______________
қарызды ______________
бас тарту ______________

пайдасына өндіру
өндіру туралы
филиалы
туралы ұйғарым
айыбы
іс жүргізу
сот шешімі
нысан
құқылы
пайдасына өндіру

## 4. Тиісті шылауды жазыңыз.

кейін | дейін | соң

соттан ______
сотқа ______
жұмысқа ______
жұмыстан ______
бір айдан ______
мерзім өткен ______
ұйғарым шығарғаннан ______

жиналыстан ______
жиналысқа ______
сот отырысынан ______
сот шешімін шығарғанан ______
мәжілістен ______
сот шешімі жарияланғаннан ______



LIVEWORKSHEETS

## 5. Қажетті жалғауларды жалғаңыз.

-ға,-ге | -қа-,ке | -дан,-ден | -тан,-тен | -нан,-нен

Сот отырысы______ кейін жалпы отырыс болады.
Үйғарым шығарған______ кейін мемлекеттік баж төлеуден босатылады.
Алғашқы ресми жарияланған күні______ кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
Үйғарым шығарылған______ кейін жүргізіледі.
Шешім заңды күшіне енген______ кейін құжат түпнұсқалары ұсынған адамдарға қайтарылады.
Сараптама______ кейін кешенді сараптама қайта тағайындалады.
ҚР Салық кодекс талаптарына сәйкес мемлекеттік бажды төлеген______ кейін істі мәні бойынша қарауды талап ету құқығынан айырмайды.
Дауды сот______ дейін реттеу тәртібі

## 6. Тыңдаңыз және бос орынды толықтырыңыз.

2021 жылғы 13 қыркүйек № ________________ іс Қарағанды қаласы
Қарағанды ________ №2 Қазыбек би ____________ судьясы А. Бекмахан, ________ (жазбаша) іс жүргізу ____________ талап бойынша азаматтық істі қарады:

________________________
«Оқу орталығы» акционерлік қоғамы
________________________
Айжан Байболатқызы Күмісова
________________________
Қарызды өндіру туралы
________________________
негізінде, ҚР АПК-нің 145-147, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

## 6. Дұрыс нұсқасын қойыңыз.

2021 жылғы 13 қыркүйек № ________________ іс Қарағанды қаласы
Қарағанды қаласының №2 Қазыбек би аудандық сотының судьясы А.С Бекмахан, оңайлатылған (жазбаша) ________________ қойылған талап бойынша ____________ ____________ қарады:

Айжан Байболатқызы Күмісова

ТАЛАП ҚОЮШЫ: | ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

іс жүргізу тәртібімен | ЖАУАПКЕР | азаматтық істі | Қарызды өндіру туралы | «Оқу орталығы» акционерлік қоғамы | Қарағанды қаласы



LIVEWORKSHEETS

## 7. Мәтінді тыңдаңыз, бос орынды толтырыңыз.

Талап қоюшы «Оқу орталығы» __________ __________ Айжан Байболатқызы Күмісоваға қойған ____________________ ________________ талап қою арызы ________________________

Айжан Байболатқызы Күмісовадан 2 052 000 (екі миллион елу екі мың) теңге көлеміндегі қарыз сомасы «Оқу орталығы» акционерлік қоғамының пайдасына __________.

________________жауапкер Айжан Байболатқызы Күмісовадан 66 717(алпыс алты мың жеті жүз он жеті) теңге ____________ мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер ______________ іс жүргізу тәртібі бойынша шығарылған сот шешімінің __________ алған күннен бастап __________ __________осы шешімнің __________туралы арыз беруге __________.

Шешімнің күшін жою туралы ______________ __________, сот осы арызды ____________________ бас тарту туралы ұйғарым ______________ бір ай мерзім ішінде Қарағанды облыстық сотының __________ __________ апелляциялық сот алқасына, Қарағанды қаласының Қазыбек би аудандық №2 соты арқылы тараптар __________ , прокурор өтінішхат __________ құқылы.

## 8. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

жауапкер/тараптар

Қазыбек би аудандық № 2 соты арқылы____________ шағым жасауға прокурор өтінішхат білдіруге құқылы.

66 717/78569

Күмісовадан мемлекет пайдасына ______________ теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

талап қою арқылы іс жүргізу/ оңайлатылған іс жүргізу

Жауапкер ______________тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

өндірілсін/қанағаттандырылсын

Қарызды өндіру туралы талап қою арызы ____________________.



LIVEWORKSHEETS

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# ШЕШІМ

2021 жылғы 13 қыркүйек № ____________________ іс Қарағанды қаласы

Қарағанды қаласының №2 Қазыбек би аудандық сотының судьясы А.С. Бекмахан, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

## ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Оқу орталығы» акционерлік қоғамы

## ЖАУАПКЕР:
Айжан Байболатқызы Күмісова

## ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Қарызды өндіру туралы

## ҚАРАР БӨЛІГІ:

Жоғарыдағылардың негізінде, ҚР АПК-нің 145-147, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

## ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Оқу орталығы» акционерлік қоғамының Айжан Байболатқызы Күмісоваға қойған қарызды өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Айжан Байболатқызы Күмісовадан «Оқу орталығы» акционерлік қоғамының пайдасына 2 052 000 (екі миллион елу екі мың) теңге көлемінде қарыз сомасы өндірілсін.

Жауапкер Айжан Байболатқызы Күмісовадан мемлекет пайдасына 66 717 (алпыс алты мың жеті жүз он жеті) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына, Қарағанды қаласының Қазыбек би аудандық №2 соты арқылы тараптар шағым жасауға, прокурор өтінішхат білдіруге құқылы.

Судья А. Бекмахан



LIVEWORKSHEETS